*Құрметті Арқалық қаласының тұрғындары және қонақтар!*
*Қадірменді қауым!*



*Міне, 2018 жыл да аяқталуға таяп қалды. Жаңа жыл мерекесіне деген әрбір адамның ықыласы ерекше екендігіне күмән жоқ.*

*Себебі Жаңа жыл адамның жасына не ұлтына қарамастан, әркімнің өміріндегі маңызды оқиға болып табылады.*

*Бұл күні бәріміз де өткен жылды, белгілі бір межені қорытындылап, келе жатқан жылдағы жоспарлардың басым бағыттарын айқындаймыз.*

*Жаңа жыл – үкілі үміт артатын, шарапаты мол мейрам. Сіздерді осы мерейлі мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, барлық тілектеріңіздің орындалуына ізгі ниетімді білдіремін.*

*Қымбатты жерлестер!*

*Баршаңыздың асқақ армандарыңыз орындалып, жоспарларыңыз ойдағыдай жүзеге аса берсін. Жаңа жыл әр отбасына шынайы қуаныш, бақ-береке, жаңа сәттіліктер әкелсін!*

*Келе жатқан 2019-шы Жаңа жыл барлық қазақстандықтар үшін берекелі, мерекелі, табысты, ырысты жыл болсын деп тілеймін!*

**С.ҚУАНЫШБАЕВ,**
**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, г.ғ.д**

Торғай .- 2018. - №50.-28 желтоқсан –б.3